



ШАҒАРДЫҢ ШЕТІ
ДЕП ШЕКТЕМЕЙІК...

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



17 ЖАСЫНДА
МАЙДАНҒА АТТАНҒАН

6-БЕТ | ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қастерлі Отанымызды көркейту – баршаға ортақ парыз. Менің бастамаммен былтырдан бері «Таза Қазақстан» акциясы жүзеге асырылып жатыр. Жалпыұлттық жобаға 6 миллионнан астам адам қатысты. 1,6 миллион тоннадан аса қоқыс жиналды. 3,3 миллион көшет отырғызылды. «Таза Қазақстан» – бұл біздің бүгінгі және ертеңгі күніміздің кепілі. Сондықтан жұмыс үздіксіз жалғаса береді.

№49
(4793)

Сейсенбі
29 сәуір
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Елімізде онкология ауруларына скринингтер енді МӘМС жүйесінде сақтандыру мәртебесінің болуына қарамастан жүргізіледі.

«Скринингтер тіркелген жері бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарында жүргізіледі. Қабылданған іс-шаралар халықты онкодиагностикамен қамтуды едәуір арттыруға, ауруларды ерте анықтауды және уақытылы емдеуді қамтамасыз етуге, яғни денсаулық пен өмірді сақтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар Мемлекет басшысы қабылдаған бірқатар түзетулер мүгедектігі жоқ пациенттерді есту аппараттарымен қамтамасыз ету мәселелерін шешеді» делінген Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметінің хабарламасында.



1 қыркүйектен бастап еліміздегі барлық білім беру ұйымдарында оқушылар жаңа стандарт бойынша тамақтанады.

Жаңа оқу жылында оқушыларға мектепте берілетін тамақ дәруменге бай, сапалы, халықаралық талаптарға сай әзірленеді. Қант пен тұзы көп тағамдар, газдалған сусындарға тыйым салынады. Жаңа стандартқа сәйкес, мұндай зиянды тамақтардың орнына көкөністер мен жемістер көбірек беріледі. Балалар тәтті шырындар емес, сүт пен компот ішеді.



4

АСТАНА – ТАЗАЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ

Елордада «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экоакциясы аясында өткен ауқымды жалпықалалық сенбілікке 100 мыңнан астам адам қатысты. Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек сенбілік барысында 12 мыңнан астам ағаш және 16 мың шаршы метрден астам бұталар мен сәндік өсімдіктер отырғызылғанын мәлім етті.



Енді кез келген ел азаматы тұрғын үй кезегіне тұра алады. Әлеуметтік осал санаттар тұрғын үй сертификатын – ипотеканың бастапқы жарнасын жабуға көмектесетін қолдауды да ала алады.

24 мамырдан бастап мемлекеттік тұрғын үй кезегі толығымен «Отбасы банк» құзырына өтеді. Осыған дейін мемлекеттік тұрғын үй кезегінде тұрған әр адам өз дерегінің бар-жоғын міндетті түрде тексеруі керек. Ол үшін kezekte.kz сайтына кіріп, тегі, аты, әкесінің аты мен ЖСН жазып, өзіңіздің мәліметтеріңізді іздейсіз. Егер тізімнен өзіңізді таппасаңыз, тұратын жеріңіздегі әкімдікке дереу жүгініңіз. Аймақтарда кезектегілерді қайта тексеру жүріп жатыр, сондықтан базадан шығып қалмау маңызды.

БІР КҮНДЕ – 1 МИЛЛИОН АДАМ

Бас қалада қоғамдық көліктегі жолаушылар легі рекордты деңгейге жетті. Бұл көрсеткіш 1 млн сапарды құрап отыр.

Қала халқының қазіргі саны 1544142 адам болатын елорданың қоғамдық көлігіндегі тәуліктік жолаушылар легі 1005329 сапарды құрады. 2024 және 2025 жылдары көзделген мынадай іс-шаралардың жүзеге асырылуы қоғамдық көліктің тартымдылығын

арттыруға және жолаушылар легінің айтарлықтай өсуіне мүмкіндік берді: 700-ден астам жаңа автобус жеткізілді; қоғамдық көліктің орташа қозғалыс жылдамдығы 16 км/сағ-тан 18 км/сағ-қа дейін артты; автобустарды күту аралығы 16 минуттан 13 минутқа

дейін қысқарды; bus lane (автобус жолағы) 130 шақырымға дейін ұлғайды/ұзарды; 5 экспресс, 5 тұрақты және 1 айналма маршрут іске қосылды. Қазір күн сайын қала көшелеріне 105 маршрут бойынша 1210 автобус шығады.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 584.82 \$ USD/KZT 515.16 ₰ RUB/KZT 6.24 ¥ CNY/KZT 70.67

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ТОҚСАН ҚОРЫТЫНДЫСЫН БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиевті қабылдады. Президентке Алматы облысының 2025 жылдың бірінші тоқсанындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есеп берілді.

Марат Сұлтанғазиев экономиканың негізгі секторларында өсім байқалатынын баяндады. Атап айтқанда, өнеркәсіптік өндіріс көлемі 507,9 миллиард теңгені, ауыл шаруашылығы өнімі 97,4 миллиард теңгені құраған. Шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 146,2 мыңға жетіп, 7,7 пайызға артқан.

Президентке жыл басынан бері 12 жаңа өнеркәсіп жобасының іске қосылғаны туралы мәлімет берілді. Оның ішінде «GALANZ bottlers» өндіріс алаңының кенеюі, «Бартогай ГЭС-28» және Шарын өзеніндегі шағын ГЭС каскадының құрылыстары сияқты ауқымды жобалар

бар. Жалпы, өңірде құны 2,4 триллион теңгені құрайтын 122 жоба жүзеге асырылып жатыр. Нәтижесінде 36776 жұмыс орны ашылады.

Мемлекет басшысына Қонаев және Алатау қалаларын дамыту барысы жөнінде айтылды. Жаңа бас жоспарға сәйкес, облыс орталығында «Smart Qonaev» қаланы басқарудың бірыңғай жүйесі енгізілуде. Алатау қаласының бас жоспарына түзетулер жасау және көлік-инженерлік инфрақұрылымды жобалау жұмыстары басталды.

Облыс әкімінің айтуынша, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 17 білім ордасының құрылысы қолға алынған. Бұ-

дан бөлек, өңірдегі үш ауысымды оқу мәселесін шешу үшін мемлекет-жекеменшік әріптестік негізінде 19 мектеп салу жоспарланған. 2025-2027 жылдары 91 оқу ошағында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Мемлекет басшысы Қонаев және Алатау қалаларын, жалпы Алматы агломерациясын дамытуға қатысты барлық белгіленген мақсаттарды сапалы әрі уақытылы орындаудың маңызын атап өтті. Президент индустриалды аймақтар мен Алатау АЭА-ның әлеуетін нығайтуға, сондай-ақ коммуналдық және елді мекендердегі жолдардың құрылысына баса мән беруді тапсырды.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР КӨБЕЙДІ

Жоғарғы соттың төрағасы Асламбек Мерғалиев өткен I тоқсандағы сот төрелігін жүзеге асыру қорытындылары бойынша республика судьялар корпусының қатысуымен кеңес өткізді. Кеңес жұмысына Жоғарғы соттың сот алқаларының төрағалары Нұрсерік Шәріпов, Назгүл Рахметуллина және Аслан Түкиев, сондай-ақ Сот әкімшілігінің басшысы Наиль Ахметзакиров қатысты. Облыстық және оларға теңестірілген соттардың басшылары іс-шараға БКБ арқылы қосылды.

Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Назгүл Рахметуллина сөзінде заңнамаға енгізілген өзгерістерге (ҚК-нің 6-бабы) байланысты 87% материал (1279) қанағаттандырылып, сотталғандардың жазалары жеңілдетілгенін, бұл түзеу мекемелеріндегі орындарды босатуға елеулі ықпал еткенін атап өтті. Үш ай ішінде қылмыстық істер саны 8,5%-ға артқан (8795-тен 8962-ге дейін).

«Биыл I тоқсанда апелляцияда 453 үкім түзетілді (5,1%), ал 2024 жылдың осы кезеңінде 340 үкім (4,3%) өзгертілген және күшін жойған. Кассацияда 48 адамға қатысты (барлығы 81 сот актісі) апелляциялық актілер өзгертіліп, күшін жойған, 11 іс 22 адамға қатысты қайта қарауға жіберілген. Тергеу соттары қамауға алуға санкция беруді сирек қолдана бастады – 65,8%, бұл өткен жылы 87%-бен салыстырғанда аз» деді Назгүл Рахметуллина.

Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Нұрсерік Шәріпов талап қоюлар санының 40%-ға өскенін (281 мыңнан 393 мыңға дейін) атап өтті. Көбінесе бұл банкрот деп тану, шығынды өндіру және шарттық міндеттемелерге қатысты даулар. Бұл өсім сондай-ақ сот тапсырмалары, сот орындаушыларының ұсыныстары мен борышкерлерді мәжбүрлі

түрде алып келуге санкциялар есебінен де байқалады.

«Қаралған істер саны 19%-ға артқан (118,6 мыңнан 141,2 мыңға дейін), оның ішінде шешім шығарылған істер – 15% (68,2 мыңнан 78,5 мыңға дейін). Апелляцияда 8,4 мың іс қайта қаралып (одан бұрынғы 8,2 мың іс), 1111 сот шешімі түзетілді (1,4%), бұл өткен жылғы 1081-ге (1,6%) қарағанда аз» деді Нұрсерік Шәріпов.

Апелляция 3 өрескел заң бұзушылықты анықтаса (2024 ж. – 5), кассация мұндай фактілерді анықтамаған. Жоғарғы соттың өзгерткен және жойған актілер саны үштен біріне азайды (140-тан 91-ге дейін). Сот төрелігінің сапасы жақсарғаны атап өтілді. Татуласу рәсімдері тиімді екенін көрсетіп отыр: 62 мыңнан астам медиацияға жататын істердің 30,5 мыңы баламалы тәсілдермен шешілген (2024 ж. – 28 мың).

Әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Аслан Түкиев 2025 жылдың I тоқсанында талап қоюлар саны 5%-ға (7833-ке дейін) артқанын мәлімдеді.

«Сот шешімдерінің 59%-ы талап қоюшылардың пайдасына шешілді, сот орындаушыларымен дауларды есептемегенде. Татуласу және талап қоюдан бас тарту 39% жағдайда тіркелді (2521 іс), бұл да 5%-ға өсім көрсетеді. Апелляция сот

актілерінің 11%-ын, кассация 13,6%-ын түзеткен. Биылғы I наурыздан бастап аумақтан тыс соттылық 59 іс бойынша қолданылған» деді Аслан Түкиев.

Заң бұзуға төзбеушілік туралы сөйлеген баяндамашы бірінші сатыдағы соттар 393 жеке ұйғарым шығарғанын, 265 ақшалай өндіріп алу қолданылғанын айтты. Ол істерді негізсіз қайтаруға жол бермеу және әкімшілік рәсімдерді қолдану мен сот актілерін шығару практикасын тұрақтандыру үшін сапалы аналитикалық материалдар әзірлеу қажеттігін атап өтті. Сот әкімшілігінің басшысы Наиль Ахметзакиров сот ғимараттарын салу мен жөндеуге қатысты бірқатар жоспарланған жобаларды атап өтті. Оның айтуынша, роботтандыру судьяларды күнделікті жұмыстан босатып, сот актілерін беруді жеделдеткен, судьялардың уақытын күрделі істерді қарауға қайта бөлген және негізсіз талап қоюлар санының азаюына ықпал еткен.

«2024 жылғы тамыздан бастап робот даусыз дәлелдемелер және құқық бұзушылардың келісімі болған жағдайда 85 мыңнан астам іс бойынша шешім жобаларын дайындаған. Борышкерлерге елден шығуға тыйым салу туралы қаулылар саны 76%-ға артты (108 мыңнан 190 мыңға дейін)» деді Наиль Ахметзакиров.

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, тілтанушы және әдебиеттанушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Сейіт Қасқабасовтың қайтыс болуына байланысты оның отбасы мен туған-туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Сейіт Асқарұлы ұлт руханиятын ұлықтап, қазақ ауыз әдебиетін терең зерделеуге бар саналы ғұмырын арнаған зиялы тұлға еді. Әсіресе,

отандық фольклортануға өлшеусіз үлес қосты. Іргелі еңбектер жазып, ұлағатты ұстаз ретінде көптеген шәкірт тәрбиеледі. Өнегелі

өмір сүріп, соңына рухани мол мұра қалдырған Сейіт Асқарұлының жарқын бейнесі ұмытылмайды» деп жазылған жеделхатта.



АСТАНАДА 100 ТҮП АҒАШ ОТЫРҒЫЗДЫ

Мәжіліс депутаттары мен Палата аппаратының қызметкерлері жалпықалалық сенбілікке шықты. Іс-шара елордалық әкімдік тарапынан жалпыұлттық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ұйымдастырылды.

Мәжіліс депутаттары елордадағы саябақтардың бірін көгалдандыруға өз үлесін қосты. Қалалық сенбілік барысында депутаттар қарағай көшеттерін отырғызды. Мұндай іс-шаралар дәстүрге айналды. – «Таза Қазақстан» – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауқымды экологиялық бастамасы. Ол бүкіл ел

көлемінде нағыз қоғамдық қозғалысқа айналды. Оның мақсаты – тек аумақтарды тазалау ғана емес, қоғамда таза әрі экологиялық тұрмыс салтын қалыптастыру. Акцияға еліміздің барлық өңірі қолдау көрсетті. Оған жастар, зейнеткерлер, қоғамдық ұйымдар мен мекемелердің қызметкерлері қатысуда. Біз де депутаттар-

мен бірге өз үлесімізді қосып, астанамызда ағаштар отырғыздық, – деді Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов.

«Таза Қазақстан» жобасы Президенттің бастамасымен бір жыл бұрын басталды. Қаланы көгалдандыруға бағытталған бұл науқан Астанада «Жасыл аймақ» деген атаумен өтуде.

СЕНБІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов бастаған Үкімет аппаратының қызметкерлері Мемлекет басшысы жариялаған «Таза Қазақстан» экологиялық бастамасы аясында сенбілікке қатысты.



Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлағандай, жалпы ауданы 68,5 мың шаршы метрден асатын ЕХРО саябақ аймағының аумағын да қарағай, қайың және басқа да ағаш түрлерінің көшеттері отырғызылды. Көрме алаңын көгалдандыру нәтижесінде жалпы ауданы 9,2 мың ағаш, 25,5 мың көпжылдық бұта отырғызылған. «Таза Қазақстан» аясында «Бүкіл қазақстандық ағаш егу күні» экологиялық акциясы өтуде. Бір апта ішінде барлық

өңірде 200-ге жуық экологиялық іс-шара өтті. Қоғамдық кеңістіктерді тазарту және ағаш отырғызу бойынша акциялар да қарағай, қайың және басқа да ағаш түрлерінің көшеттері отырғызылды. Көрме алаңын көгалдандыру нәтижесінде жалпы ауданы 9,2 мың ағаш, 25,5 мың көпжылдық бұта отырғызылған.

Жалпы биыл Экология және табиғи ресурстар министрлігі өңірлерге 300 мыңнан астам

көшет жіберді. 2024 жылы қалалық орта мен экология саласындағы мәселелерді шешуге өтінім беруді жеңілдету үшін @TazaQazBot чат-боты жұмыс істейді. «Таза Қазақстан» бастамасы іске қосылған сәттен бастап оған 6 млн-нан астам адам қатысты. Бір жыл ішінде шамамен 1,6 млн жасыл желек отырғызылып, 5,8 млн шаршы метрден астам жағалау аймақтары ретке келтірілді, 1,1 млн тонна қоқыс жиналды.

ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖҰМЫЛДЫРҒАН ІЗГІ ДӘСТҰР

Елорда мәслихатының депутаттары «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» акциясы аясындағы жалпықалалық сенбілікке белсенді қатысты. «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының аумағын тазартып, көшеттерді отырғызды. Мәслихат депутаттары Есіл өзенінің жағалауында да сенбілік өткізіп, «Көктал» саябағында ағаш екті.



Сенбіліктен кейін «Шарапат» орталығындағы қарттарға арналған мерекелік дастарқан жайылып, Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония әртістері концерттік бағдарлама ұсынды.

«Біз бәріміз Астанамыздың таза әрі жайлы қала болғанын қалаймыз. Сенбілік – қала тұрғындарының бірге жұмыс істеп, әдемі әрі таза ортада өмір сүруге деген ортақ ұмтылысын көрсетудің тамаша мүмкіндігі. Ашық аспан астында бейресми жағдайда кездесіп, жылы көктем күндерін бірге өткізудің жақсы дәстүріне айналды. Астананың біздің еңбегіміздің арқасында тазарып, көркейетіні қуантады. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, елорда тұрғындарына және күн сайын қаламыздың тазалығын сақтап, өмірімізді жайлы ететін коммуналдық қызмет өкілдеріне алғысымды білдіремін» деді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден.

ҚОС ЖАУЫНГЕРДІҢ СҮЙЕГІ ЕЛГЕ ЖЕТТІ

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында «Атамның аманаты» қоғамдық бірлестігінің белсене араласуымен Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан екі жауынгердің сүйегі туған жерге жеткізілді. Сондай-ақ кеше елордадағы ҚР Қарулы Күштері Әскери-тарихи мұражайында сарбаздардың сүйегін туыстарына тапсыру рәсімі өтті. Рәсімге Қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаев бастаған әскери қызметкерлер, сала ардагерлері және соғыстан қайтпай қалған боздақтардың туған-туыстары қатысты.



Ержан ҚОЖАС

– Бұл соғыс халқымыз үшін үлкен сынақ болды. Майданға 1 млн 200 мыңнан астам адам кетсе, оның 600 мыңнан астамы қанды қырғыннан оралмады. Сол уақытта елімізден аттанған ұландар арасынан жүздеген батыр мен мықты командирлер шығып, ел мен жерді қорғауда табандылық танытты. Із-түзсіз кетіп, отбасына оралмаған жауынгерлер тіптен көп болды. Олардың рухына мың тағзым! Бүгінгі қос қаһарманымыздың сүйегін туған жеріне тапсырып қана қоймай, ел еркіндігі үшін күрескен ұлы ұрпақтың өз топырағына қайта оралуына куә болып отырмыз. Жеңіс үшін күрескен аталар ерлігіне мәңгілік құрмет сақталады, – деді өз сөзінде генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаев.

«Атамның аманаты» ҚБ төрағасы

Мұрат Молдағалиевтің айтуынша, осы уақытқа дейін 19 қазақстандық майдангердің сүйегі туған жеріне жеткізіліп, әскери құрметпен жерленген. Табылған екі жауынгердің сүйегін жерлеу де осы рәсіммен өтеді.

– Қызыл армия жауынгері Оразғали Белубаевты серіктестеріміз – «Находка» жасағының мүшелері Ресей Федерациясының Новгород облысының Соболево селосы маңында іздестіру және дала жұмыстарын жүргізу кезінде тапты. Оның жанынан



белдігі, тоғасы, бәкісі және солдат медальоны табылды. Медальонды зерттеу барысында Оразғали Белубаевтың 1907 жылы туып, майданға Қазақ КСР, Семей облысы, Өрнек колхозынан аттанғаны мәлім болды. Ал 8-авиациялық полктің бортрадисі Петр Капитонович Оконеchnikовтің сүйегін «Аляска-Сібір» әуе трассасының объектілерін зерттеу экспедициясы барысында Орыс географиялық қоғамы мен РФ Қорғаныс министрілігінің өкілдері тапқан. Ол мінген Дуглас С-47 ұшағы 1943 жылы Эвекинот елді мекенінен 70 шақырымда апатқа ұшыраған екен. П.Оконеchnikовтің қалтасынан ұшу картасы мен қазақ тілінде толтырылған №9248726 нөмірлі комсомол билеті шыққан. Ол Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданының тумасы, әскери қызметке Қазақстаннан шақырылған, – дейді қоғамдық бірлестік төрағасы.

Жауынгерлер рухына тағзым ету жиынында олардың туыстары да сөз сөйлеп, оларды тапқандарға алғысын білдірді. Солардың бірі – Рахила Иембергенқызы.

– Бұл – біз үшін ерекше күн. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғандай күйдеміз. Әкем Иемберген Белубаев 1962 жылы қайтыс болған еді. Соған дейін із-түзсіз кеткен өзінің туған інісі Оразғали Белубаевты іздестірумен өтті. Бір дерегі шығады деп алаңдаумен кетті. Міне, 80 жылдан соң марқұмның сүйегі туған елінің топырағына бұйырды. Әулет болып сіздерге, әсіресе, ағамызды тапқандарға мың алғыс! Елімізде тек бейбітшілік болғай! – деп ақжарма тілегін ақтарды ол.

«Атамның аманаты» ҚБ 2019 жылдың 19 мамырында құрылған. Аталған ұйым Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жоғалған немесе қаза тапқан қазақстандық жауынгерлерді (олардың саны 271 мыңнан асады) жүйелі түрде іздестірумен айналысып келеді.

ҚАЛА АУДАНДАРЫНДА ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕЛЕР БАР?

Астана қаласы мәслихатының депутаттары елорда аудандарының мәселелерін қарауды бастады. Алдымен Сарайшық және Сарыарқа аудандары әкімдерін тыңдады.

Сарайшық ауданының әкімі Мақсат Саматұлы депутаттарға қосымша қажеттіліктер мен бюджет қаражатын тиімді пайдалану жайын баяндады.

Ауданда бірқатар шешімін күтетін мәселе бар. Атап айтқанда, Интернациональный, Мичурин және Күйгенжар тұрғын алаптарын сумен қамтамасыз ету, Промышленный тұрғын алабында нөсер кәрізі жүйесінің болмауы, жаңа теміржол вокзалы маңында орналасқан көшелердің құрылысын жүргізу – басты мәселелер қатарында.

Бүгінде ауданда 227 аула болса, оның 52-сіне жөндеу жұмысы қажет. Сонымен қатар «Bravo Family» тұрғын үй кешені маңынан сквер салу жоспарланған. Жоба әзірленіп, скверді абаттандыруға арналған жер телімінің нысаналы мақсатын өзгерту бойынша жұмыс жүргізілді.

Көшпелі кеңес барысында халық тығыз қоныстанған тұрғын алаптарға ерекше назар аудару ұсынылды. Депутаттар А.Байтұрсынұлы мен С.Нұрмағамбетов көшелерінің қиылысында 900 орындық мектеп құрылысын жеделдету, рұқсатсыз қоқыс үйінділерін жою қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар депутаттар тұрғын үй кешендерінің эскиздерін келісу кезінде аудан әкімдерін белсенді қатыстыруды ұсынды. Олардың пікірінше, эскиздік жобаларда балалар және спорт алаңдары

алдын ала қарастырылуы тиіс. Бұл кейін бюджет қаражатын мақсатсыз жұмсамауға мүмкіндік береді.

Ал Сарыарқа ауданының жаңа әкімі Жанасыл Шаукентаевтың баяндауынша, ауданда биыл 10 жабық үлгідегі аялдама кешені орнатылады. Бұған қоса, ауданда реновация бағдарламасы белсенді жүзеге асырылып жатыр. Бірқатар ірі инвестор аудан аумағында жобаларды жүзеге асыруға қызығушылық танытты.

– Сарыарқа ауданы – елордадағы халық ең тығыз қоныстанған және ең көне аймақтардың бірі. Мұнда апатты және ескі үйлерді сүру мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде, – дейді қалалық мәслихат төрағасы Табиғат Зейнұлқабден.

Ауданның қосымша қажеттіліктері ретінде тұрғын алаптарда жолдарды жөндеу және салу, инженерлік инфрақұрылымды жаңарту, аулаларды абаттандыру, ескі үйлерді сүру және басқа да мәселелер айтылды.

Отырыс барысында осы ауданнан сайланған мәслихат депутаттары Бауыржан Смайылов, Давид Лория және Жандос Рахмет тұрғындармен кездесулер барысында түскен ұсыныстар мен депутаттық сауалдарды жеткізді. Олар жағалауларды абаттандыру, көгалдандыру, көше жарығы, бейнебақылау камераларын орнату және басқа да мәселелерге қатысты болды.

ЖАСТАРМЕН ЖОЛЫҚТЫ

Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет саласы үздіксіз дамып, заманауи талаптарға сай жаңғыру үстінде. Бұл саладағы басты міндеттердің бірі – жастарды мемлекеттік қызметке тарту, олардың қабілеті мен күш-жігерін ел дамуына бағыттау. Жастардың мемлекет ісіне белсене араласуы – қоғамның тұрақты дамуының негізгі тетіктерінің бірі.

Осы орайда, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті жастарды мемлекеттік қызметке тарту мақсатында жыл сайын жоғары оқу орындарында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Жуырда С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің студенттерімен кездесу өтті. Оған 200-ге жуық бітіруші түлектер, магистранттар мен докторанттар қатысты. Кездесу барысында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде білім беру ұйымдарын GPA 3.33-тен кем емес оқу нәтижесімен аяқтаған бітірушілерінің бір жыл ішінде конкурс өткізілместен, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына, облыс, аудан, ауылдық деңгейде орналасу мүмкіндігі бар екені және мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жобасы арқылы қалай тест тапсыра алатыны жөнінде түсіндірілді. Оған қоса, студенттерге нұсқаулық та таратылды. Кездесу соңында қатысушылар уәкілетті орган өкілдеріне сұрақ қойып, сәйкесінше, жауап алды.

ҚҰМАР ОЙЫН – ҚАУІПТІ ӘДЕТ

Елорданың Мемлекеттік кірістер департаментінде «Лудоманианың алдын алу» тақырыбында танымдық дәрістер өткізілді. Іс-шара «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының бастамасымен ұйымдастырылды.

Құмар ойынға тәуелділіктің қауіп-қатерін кеңінен түсіндіруге бағытталған іс-шара барысында лудомания ұғымы мен оның ерекшеліктері, алдын алу әдістері мен дер кезінде көмек көрсету жолдары егжей-тегжейлі талқыланды.

Дәрісті «Көмек» оңалту орталығының тәжірибелі психолог, аддиктолог мамандары Данияр Жемантаев пен Дарья Абрамова жүргізіп, тәуелділіктен арылу үшін арнайы көмек топтарына жүгінудің маңызын атап өтті.

Мамандардың айтуынша, мұндай алдын алу іс-шаралары қызметкерлердің психоэмоционалдық жағдайын жақсартып, ұжым ішіндегі тұрақтылық пен салауатты ахуалды нығайтады.

– Қоғамды зиянды әдеттерден арылтуды мақсат еткен іс-шаралар түрлі кеселдің қаупін айтарлықтай төмендетуге сеп болады. Әртүрлі ұйыммен бірлесе жұмыс істеу арқылы біз қоғамның психологиялық денсаулығын күшейтіп, тәуелділікпен бетпе-бет келген жандарға қолдау білдіреміз, – деді «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының бөлім басшысы Арайлым Серікқызы.

Экоакция аясында Астанада қаланы, нөсер және арық кәріз желілерін санитарлық тазарту, көшелерді, тротуарларды, кварталішілік аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау және т. б. жұмыстар жүргізілді. Сондай-ақ жасыл желектерді күтіп-баптау және отырғызу бойынша маусымдық агротехникалық жұмыстар атқарылып, сауда нысандарына іргелес аумақтар жиналды, рұқсат етілмеген қоқыс үйінділері жойылды. Тұрғындар елордада тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді үлес қосты. Акцияға жастар да белсенді қатысты. Еріктілердің бірінің айтуынша, мұндай іс-шараларға қатысу үлкен және маңызды істің бір бөлігі ретінде септігін тигізеді.

– Біз қоқысты тазалап қана қоймаймыз, осы арқылы жас ұрпаққа үлгі көрсетеміз. Бұл – біздің қаламыз және ол таза болуы керек. Мен бұл іске қатысқанымды мақтан тұтамын, – деді еріктілер қозғалысының мүшесі.

6 МЫҢНАН АСТАМ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК

Экологиялық акция барысында 6 ауданда 6 мыңнан астам жасыл желек отырғызылды. Экожоба аясында арнайы тақырыптағы сенбіліктер, экологиялық сабақтар, флешмобтар, ақпараттық науқандар және абаттандыру конкурстары ұйымдастырылды. Елордада «Таза Қазақстан» онлайн-платформасы арқылы қала тұрғындарынан өтінім қабылданды. Өтінімдердің негізгі санаттарына аумақтарды абаттандыру, жарықтандыру, жолдарды жөндеу, көгалдандыру, рұқсат етілмеген полигондарды жою мәселелері кіреді.

Сенбілік барысында 12 мыңнан астам ағаш және 16 мың шаршы метрден астам бұталар мен сәндік өсімдіктер отырғызылды. Тұрғындар тазалық орнатып, аулаларын абаттандыру үшін жиналды.

2025 жылы елорданың түрлі ауданында, соның ішінде Ақбұлақ өзенінің жағалауында, Р.Қошқарбаев даңғылы мен С.Нұрмағанбетов көшелерінің қиылысында, Ж.Омаров көшесі, Абай даңғылы және Ш.Уәлиханов көшесі, Кирпичный тұрғын алабында, сондай-ақ Керей мен Жәнібек хандар көшесі, Ұлы дала даңғылының бойында, Жағалау саябағында, РДО жанында, Бейбітшілік, К.Күмісбеков, Е.Серкебаев көшелерінің бойында тазалық жүргізілді. Ал «Жастар» саябағында, Ботаникалық бақта, Көктал саябағында, Абай алаңында және басқа да қоғамдық орындарда көшет отырғызылды. Экоакция барысында 400 тоннаға жуық қоқыс шығарылды, бұл 100-ден астам ауыр жүк рейсіне тең.



ЖАЛПЫҚАЛАЛЫҚ СЕНБІЛІК: ЖҮЗ МЫҢ АДАМ АТСАЛЫСТЫ

Өткен сенбіде елордада «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» акциясы аясында жалпықалалық сенбілік өтті. Оған 100 мыңнан астам қала тұрғындары, еңбек ұжымдары, мемлекеттік органдардың қызметкерлері, бизнес өкілдері, спортшылар, мәдениет және қоғам қайраткерлері, мәслихат депутаттары, МИБ (ПИК) және т. б. қатысты.



СЕНБІЛІК БАРЫСЫНДА 12 МЫҢНАН АСТАМ АҒАШ ЖӘНЕ 16 МЫҢ ШАРШЫ МЕТРДЕН АСТАМ БҰТАЛАР МЕН СӘНДІК ӨСІМДІКТЕР ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ. ТҰРҒЫНДАР ТАЗАЛЫҚ ОРНАТЫП, АУЛАЛАРЫН АБАТТАНДЫРУ ҮШІН ЖИНАЛДЫ. ЭКО-АКЦИЯ БАРЫСЫНДА 400 ТОННАҒА ЖУЫҚ ҚОҚЫС ШЫҒАРЫЛДЫ, БҮЛ 100-ДЕН АСТАМ АУЫР ЖҮК РЕЙСІНЕ ТЕҢ

тең. Биыл елордада миллионға жуық жасыл желек отырғызу жоспарланып отыр. Абаттандыру жұмыстары қаланың барлық 6 ауданын, оның ішінде алаңдарды, аулаларды және жағалауларды қамтиды.

БАЙҚОҢЫРДА АҒАШТАР КӨБЕЙДІ

Экологиялық акция аясында елорданың Байқоңыр ауданында ауқымды абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Қаланың дәл орталығындағы Ж.Тәшев көшесінің бойына, Есіл өзенінің жағалауына 500 түп ағаш отырғызылды, 3 гектарға жуық аумақ абаттандырылды.

– Бұл жерді қаланың қақ ортасы деп атауға болады. Мұнда Есіл өзенінің жағалауы бар, сол сияқты Ақбұлақ өзені ағып жатыр. Бұл маңай – белсенді тұрғындардың, жастардың тұрақты мекені әрі қарқынды дамып жатыр, жаңарту бағдарламасы жүзеге асырылуда. Осыған байланысты бұл жерге нағыз орман отырғызуды ұйғардық. Біз 500-ге жуық ағаш отырғызамыз. Олардың арасында қылқан жапырақты ағаштар – шырша мен қарағай, сол сияқты қайың, 80-100 жеміс ағашы – алма мен алмұрт бар. Ағаш отырғызу жұмысын мамырдың бірінші онкүндігіне дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз, – деді

Байқоңыр ауданының әкімі Талғат Рахманберді.

Сондай-ақ ол жасыл алқаптарды толықтай күтіп-баптау мақсатында өткен жылы жағалауға жергілікті суару жүйесі орнатылғанын атап өтті. Биыл кеңейту жұмысы толығымен аяқталады. Ақбұлақ өзенінің арнасы тазартылып, су қоймасының тазалығына көңіл бөлінеді.

– Әр отырғызылған ағашты біздің агроном мамандарымыз күтеді. Жылына үш ауылшаруашылық іс-шарасын жүргіземіз. Барлық ағаш мамандандырылған тәлімбақта өсті, – деді аудан әкімі.

Көшені көгалдандыруға аудан белсенділері, ҚР Ұлттық ұланына қарасты 6636 әскери бөлімінің әскери қызметшілері, МИБ (ПИК) торағалары және шағын аудан тұрғындары қатысты.

СПОРТШЫЛАР БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТТЫ

Елордалық жас спортшылар, соның ішінде теннисшілер де «Таза Қазақстан» акциясына қолдау білдірді. «Дәулет» теннис орталығының жас теннисшілері «Таза Қазақстан» акциясы аясында елордада өтіп жатқан жалпықалалық сенбілікке белсенді қатысты. Орталық басшысы Дина Темірғалиеваның атап өтуінше, мұндай іс-шара тұрақты түрде ұйымдастырылып отырады.

– Өздеріңіз көріп тұрғандай, теннис орталығының іші де, сырты да мұнтаздай таза. Өйткені бізге тек спортшылар ғана емес, қала тұрғындары да үнемі келіп тұрады. Сондықтан тазалық пен тәртіпті жіті қадағалаймыз, – деді Дина Батырғалиқызы.

Жас спортшылар жаттықтырушылармен және орталық қызметкерлерімен бірге мекеменің төңірегін қоқыстан тазартып, 15 тал шырша отырғызды. Сонымен қатар теннис корттарын жуу

жұмыстарына белсене араласты. Сенбілік ұйымдастырушылары аниматорларды шақырып, жиналғандарға мерекелік көңіл күй сыйлады.

«АЛЖИР»-де АҒАШ ЕКТІ

Тазалық акциясы аясындағы жалпықалалық сенбілікке қаламгерлер мен Желтоқсан көтерілісіне қатысушылар да атсалысып, «АЛЖИР» музейі аумағында 100-ге жуық ағаш отырғызды. Аталмыш музейдің директоры, белгілі ақын Дәулеткерей Кәпұлы сауын айтқанда, жазушы, драматург, аудармашы Өтен Ахмет «Әлі де ағаш етуге жараймын» деп үн қатты. Тоқсанның төріне жақындаған қарт қаламгер ізгі істің басынан табылды. Сол сияқты жазушылар Мәди Айымбетов, Айгүл Кемелбаева, Мирас Мұқаш, ақындар Ғалым Жайлыбай, Сұраған Рахметұлы, Иманғазы Нұрахмет, Сәндібек Жұбаниязов, Мұхарбек Махамбет, Нағашыбай Қабылбек, Арман Шеризат, Біржан Ахмер, Жоламан Айткен, т. б. қаламгерлер қаламның орнына қолдарына бір мезгіл күрек ұстады. Осылайша, музей аумағында жас қарағайлар мен шыршалар бой көтерді.

Қаламгерлер мен желтоқсаншылар ағаш егумен шектелмей, жазықсыз жапа шеккен аналардың рухына тағзым етіп, музейді аралады. 16 тілге аударылған «Қара орамал» поэма-реквиемінің авторы Ғалым Жайлыбай қасіретті жылдар шежіресін шертті. Аталған шығармасынан үзінді оқып, «Қарлағ»-тың, оның бір бөлімшесі болған «АЛЖИР»-дің тарихын тарқатты. Дәулеткерей Кәпұлының айтуынша, «АЛЖИР» аумағында нәубетті жылдары тұтқын әйелдер еккен алма бағы да бар. Бірақ бұл күндері жабайыланып кеткен. Болашақта осы бақты қалпына келтіру жоспарланған.

ЖОЛ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН ЖУРНАЛИСТЕР БІРІКТІ

Бұл күні «Астана Тазалық» ЖШС мен «Хабар» агенттігі бірлесіп сенбілік ұйымдастырды. Іс-шара республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында және Жұмысшы мамандықтары жылы мен «Хабар» агенттігінің 30 жылдығына орай өтті. Аталған іс-шараның маңызды сәттерінің бірі екі ұйым арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылуы болды. Бұл қадам экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға және табиғатқа ұқыпты қарау құндылықтарын насихаттауға бағытталған. Қол қойылған меморандум жұмысшы мамандықтарының, атап айтқанда, коммуналдық және экологиялық қызметкерлердің мәртебесін арттыруға бағытталған.

Дайындағандар
Райхан РАХМЕТОВА
Аманғали ҚАЛЖАНОВ



Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Астананың шет аймақтарын дамыту – елорданы абаттандырудың маңызды бағыты. Бұл ретте сонау 1999 жылы жаңа елорда әкімдігі «Шет аймақ» бағдарламасын жүзеге асыра бастады. Ол кезде елорда маңындағы Өндіріс, Көктал, Күйгенжар, Теміржолшылар, Пригородный, Промышленный, Мичурин, Интернациональный және т.б. елді мекендерде жылу, су, жарықтандыру, апатты тұрғын үйлерді бұзу, жол салу, жылы аялдамалар орнату, аулалар мен қоғамдық орындарды абаттандыру, автобус маршруттарын іске қосу, жаңа әлеуметтік нысандар салу мәселесі аса өзекті болатын. Тұрғындар қоғамдық көліктің уақытымен келмейтінін, аялдамалардың аздығын айтып шағымданатын. Бас қала мен оның халқы өскен сайын аудан әкімдіктерінің алдындағы міндеттер де жаңарып, бүгінде мұның бәрі кезең-кезеңімен шешіліп жатыр.

Шаһар басшысы Жеңіс Қасымбектің айтуынша, Астана маңындағы елді мекендердің дамуы 2025 жылға дейінгі кешенді жоспар негізінде жүзеге асырылып жатыр. Тұрғын алаптарда халық санының өсуіне байланысты білім ошақтарын, дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін, өрт сөндіру депосын ашу, инфрақұрылымдық желілер, жолдар, аулалар және т.б. салу көзделген.

– Бүгінгі таңда Астанада 16 елді мекен бар. Онда халықтың төрттен бірі тұрады. Біз әрбір елді мекенді аралап, жергілікті тұрғындармен тұрақты кездесеміз. Елді мекендердегі халықтың қажеттіліктеріне және тұрғындардан келіп түсетін мәселелерге сүйене отырып, даму жоспарын әзірлейміз. Өткен жылы Теміржолшылар және Үркер елді мекендерінде дене шынықтыру-сауықтыру кешендері ашылып, Көктал және Үркер елді мекенінде өрт сөндіру депосы пайдалануға берілген болатын. Кирпичный және Интернациональный елді мекендерінде мектеп құрылысы аяқталып, көшелерді асфальттау, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Елорда маңындағы елді мекендердің дамуы Мемлекет басшысының тікелей бақылауында, – деді қала әкімі.

Астананың тұрғын алаптарын, қала шеттерін одан әрі дамытуға және кешенді абаттандыруға қатысты маслихаттың көшпелі отырысында Алматы ауданының әкімі Рүстем Тәуекелов баяндама жасап, оңтүстік-шығыс тұрғын алабында көшелерді шағын және орта жөндеу, жаяу жүргіншілерге арналған жолдарды салу, тұрғын үй алабында электр желілері ауыстырылып, 22 көшеде жөндеу жұмыстары жүргізілгенін және инженерлік желілер жаңғыртылғанын, бұл мәселелердің барлығы да тұрғындардың өтініші негізінде шешілетінін жеткізді.

ҮРКЕР АЙТАРЛЫҚТАЙ ӨЗГЕРДІ

Жалпы бас қала маңындағы елді мекендердің жағдайын халық қалаулылары жақсы біледі. Қалалық мәслихаттың депутаты Бахаргүл Төлеген соңғы екі жылдан астам уақыттан бері Үркер шағын ауданында ауқымды істер атқарылғанын, тіпті газ берілгенін айтып, ағынан жарылды.

– Үркер – округімдегі ең ірі алап. Бұған дейін мұнда 4 мың бала оқитын бір ғана мектеп болатын. 2024 жылдың аяғында



ШАҒАРДЫҢ ШЕТІ ДЕП ШЕКТЕМЕЙІК...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астананың бауырлас қалалары бас қосқан форумда сөйлеген сөзінде еліміздің қалалары теңгерімді дамуға тиіс екенін, әсіресе елорда маңындағы тұрғын алаптарды көркейтіп, оларды өмір сүруге барынша қолайлы ету керектігін атап өткен еді. Бүгінде бас шаһардың айналасында тұратын жұрттың әл-ауқатын арттыруға ерекше күш салынып, қаланың шет аймақтарын дамыту жұмыстары қарқынды түрде іске асуда.



тағы бір «Жайлы мектеп» ашылды. Биыл 900 балаға арналған үшінші мектеп, өрт сөндіру пункті пайдалануға беріледі. Тұрғын алап халқының жайлы өмір сүруі үшін бұл жерде барлық жағдай жасалған. Емхана, дене шықтыру-сауықтыру кешені, аула клубы бар, жоғары жылдамдықты интернет желісі де қосылған. Исатай батыр көшесіне үш бағдаршам орнатылды. Алдағы уақытта тағы 2 бағдаршам орнатылады. Бұрын Е-808 көшесінде жарық болмаған.

Тұрғындардың шағымдары негізінде жауапты органдарға хабарласқаннан кейін көше жарықтандырылды. CTS компаниясының басшысымен хабарласып, тұрғын алапқа дейін қатынайтын №62, №66 автобус маршруттарының қозғалыс бағдарын қайта қарастырдық және жаңа автобус маршруттарын қостық. Доспамбет жырау-Есет батыр көшелерінің қиылысында бағдаршамдар орнатылып, зиг-заг формасындағы жол қалпына келтірілді.



Келесі жылы тұрғын алапта тағы 5 бағдаршам орнатылады, – деді депутат.

Расында, кейінгі жылдары Үркер айтарлықтай өзгерді. Бұрын қаланың шеті деп мұрнын шүйіріп жүргендер бүгінде аумақтың жайлы әрі көрікті болып келе жатқанына қызыға қарауда. Мұнда жол, тротуар салынды, инженерлік желілер жаңартылды, газдандыру жүргізілуде. Халықтың өмір сүру деңгейі айтарлықтай өсті. Биыл дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің жанынан үлкен сквер салынып, Шота Руставели, Назым Хикмет және Исатай батыр көшелерін көгалдандыру, сондай-ақ «Астана» тұрғын үй кешенінің ауласын күрделі жөндеуден өткізу жоспарланып отыр.

КӨКТАЛ КӨРКЕЙІП КЕЛЕДІ

Он жылдан бері Көктал-2 тұрғын алабында өмір сүріп келе жатқан Болат Жанұзақов қазіргі тұрмысына дән риза. – Көшіп келген жылдары үйді көмірмен жылытатынбыз. Пеш жағып, күл шығарып, әбігерге түскеніміз бүгінде ұмытылды. 2021 жылы тұрғын алапқа газ

келді, содан бері өзімізді шын мәнінде астаналық сезіне бастадық. Бүгінде өз емханамыз, мектебіміз және балабақшаларымыз бар. Сондай-ақ бізде шағын және орта кәсіпкерлік белсенді дамып келеді. Қасымызда күнделікте тұрмысқа қажетті нәрсенің бәрін қолжетімді бағамен сатып алуға болатын базар жұмыс істейді. Балалар жазда футбол, басқа да көше ойындарын ойнап денелерін шынықтырса, қыста жеке үйлердің ауласына қардан аққала соғып, әйтеуір тыным таппайды. Қоғамдық көлік те тоқтаусыз жүріп жатыр. Жаңа маршруттар іске қосылды, жылы аялдамалар орнатылды. Көшелерімізге асфальт төселді, интернет жүйесі қолжетімді. Әйтеуір, жұрт қатарлы жақсы өмір сүрудеміз, қазір қала орталығына сабылмаймыз, күнделікті өмірге қажеттінің бәрі қасымызда, – деді тұрғын.

2019 жылы Президенттің қатысуымен тұрғын алапта «Шұғыла» орталығы ашылған болатын. Мұнда балалар әртүрлі студиялар мен секцияларға тегін қатысады. Қайнар және Құсмұрын көшелерінің қиылысында орналасқан «Қорғалжын» саябағы 2022 жылы толығымен жаңартылып, қайта құрылды. Жаяу жүргіншілер жолы жөнделіп, айнала тегіс көгалдандырылды. Әртүрлі қарағай, шырша, сирень, қарағаш және т.б. көптеген ағаштар отырғызылған. Балалар ойын алаңы, спорт алаңы, іс-шаралар алаңы және тыныш аймақ болып төрт аймаққа бөлінген бұл жерде шахмат пен үстел теннисіне арналған арнайы үстелдер бар. Саябақ толығымен жарықдиодты шамдармен, жергілікті суару жүйесімен және жаңа үлгідегі жарықтармен жабдықталған.

Қысқасы, Астананың жарқыраған жарығы мен айналасындағы жасыл желегіне, зәулім биік үйлері мен оқтай түзу көшелеріне, бактары мен гүлзарларына ұқсаса да, кейінгі кезде елорданың айналасындағы елдімекендердің әлеуеті артып, инфрақұрылымы жетіліп келеді. Бұл ретте шаһардың шеті деп шектемей, Президент айтқандай, бас қала мен оның төңірегінде орналасқан шеткі аймақтардың біркелкі дамуына, олардың арасында көп айырмашылықтың болмауына мән беріліп, бұл жерлерде де тазалық пен тәртіп орнап, тұрғындардың талап-тілектері ескерілуде. Өйткені сыртқарырақ тұрғындарына қарамастан олар да астаналық мәртебеге сай өмір сүруге құқылы. Тек әрбір тұрғын айналасына жанашырлық танытып, тұрған жерінің экологиясы мен тазалығына мән беріп жүрсе дейміз.



№949 (4793) 29/04/2025 Сейсенбі

17 ЖАСЫНДА МАЙДАНҒА АТТАНҒАН

Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлеріміздің бірі – Астана қаласы Алматы ауданының тұрғыны Жақан Сейсенбаев.



Ардагердің тағылымы мол естеліктері көп. Соның бірі – Мәскеу түбіндегі Волоколамск тасжолын қорғаған атақты қолбасшы, генерал майор И.Панфиловты көріп, аңыз адаммен жолыққаны. Бұл кездесуді ардақты ақсақал ерекше толқып отырып жеткізеді. Жақан ақсақал 5-армиядағы 3-Беларусь майданының 13-минометтік полкінде атқыш болған. Сол жылы басынан жарақат алып, одан жазылып шығып майданға қайта оралған. Бұдан кейін де екі рет жарақат алған екен. Соған қарамастан Жақан Сейсенбаев жеңісті Германияның Кенигсберг қаласында қарсы алады. Одан кейін майдангер совет-жапон соғысына қатысып, елге 1948 жылы оралады. Бұл жеңіс қаншама құрбандықпен келді десеңізші. Оны ойлаудың өзі қорқынышты. Соғыс кезінде жойқын жарылыстар, алапат оқиғалар орын алды, адамзат бұрын-соңды естіп-білмеген сұмдықтар болды. Сондықтан Жақан ақсақал да, оның қаруласта-

ры да қуанышты күнді жылап тұрып қарсы алды.

«Өзім бұрынғы Талдықорған облысы Киров ауданы Қарабұлақ ауылында дүниеге келгенмін. 17 жасымда соғысқа аттандым. Сұрапыл соғыста бастан көп оқиға өтті. Бірде жаудың 60 танкісі шекарадан өтіп кеткені туралы хабар келді. Екі «катюшаны» дайындап, үш шақырым жер

қалғанда танкілерді ату керек болды. Бір «катюшаның» тізгінінде мен болдым. Оқ жаудырып, 60 танкіден 1 танкі ғана аман қалды» дейді соғыс ардагері соғыс кезіндегі оқиғаларды есіне алып.


Бүгінгі таңда Астанада тұратын майдангер Жеңіс күнін қалай қарсы алғанын былайша есіне түсіреді. «8 мамыр күні біз Шығыс Пруссияда болдық. Жеңіске жеткенімізді естіген кезде бір жылап, бір күліп, құшақтасып, жауынгерлер бір-бірімізді құттықтадық. Одан кейін Жапон соғысына аттандым. Ол аяқталған соң Солтүстік Кореяға соғысқа аттандым. Үш соғыстан аман қалдым. Қазіргі уақытта 1 ұл, 3 қызымнан 9 немере, 14 шөбере сүйіп отырмын. Бейбіт күнде өмір сүріп жатқан ұрпаққа бақыт тілеймін. Менің жасымды берсін!» дейді өткен күндерін еске түсірген Жақан Сейсенбаев ақсақал.

Он жеті жасында соғысқа аттанған, биыл наурыз айында 100 жасқа толған майдангер Жақан Сейсенбаев қазір бала-шағасының ортасында аман-есен жүріп жатыр.

Баянды ӘЛПИ,
журналист, Алматы ауданы
ардагерлер кеңесінің мүшесі

ӘКЕМНІҢ ӨШПЕС ІЗІ ҚАЛҒАН

Жыл сайын Жеңіс күні үлкен тебіреністе, толғаныста боламын. Өйткені әкем осы соғыстың бейнетін көрген майдангердің бірі еді.



Әкем Қабыш Мағзұмұлы Мұқанов 1925 жылы Ақмола облысы Танакөл ауданы Береке ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысының қатысушысы. 1943 жылы ақпан айында майданға аттанды. №39 атқыштар

полкінің жауынгері болып соғысқа қатысқан. Соғыс кезінде оң жамбасы жараланып, кейін ол денсаулығына әсер етті. Десе де, емделіп қайта 18824 әскери бөлімнің №34 мотоатқыштар полкіне жіберілді.

Майдан даласында Одер өзенінен өту міндеті тұрды, жаудың қаһарлы оқтары астында мұны фашистерге қарсы еңсерілмейтін тосқауыл деп есептеді. 1945 жылы қаңтарда Висло-Одер операциясы аяқталды. Одер өзенін қалпына келтіруге қатысқаны үшін Қызыл қыран орденімен марапатталды. Осындай күрделі әскери қимылға қатысқаны үшін аға сержант дәрежесіне көтеріліп, отряд командир болып тағайындалды.

1945 жылдың сәуірінде Германияда екінші рет жарақат алып, оқ желке тұсына тиді. Емделгеннен соң 1949 жылға дейін оккупацияланған Германияда әскери қызметін жалғастырды. Оккупация кезеңі қиын және қауіпті уақыт еді, фашистер жасырынып жатты және кез келген уақытта шабуыл жасай алды.

Әкем осылайша барлығы 3 жыл 3 ай майданда, соғыстан кейін 4 жыл бойы окку-

пацияланған Германияда қызметін жалғастырды. 1941-1945 жылдары Отан соғысына қатысқаны үшін үкімет тарапынан жоғары наградалармен марапатталған. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқаны үшін Кеңес әскерінің бас қолбасшысының Сталиннің атындағы медальдар және алғыс хаттар табысталды.

Әкем, Қабыш, өте бауырмал адам болатын. Өзінің екі қарындасына өмірінің соңына дейін қамқор болды. Ешкімнен көмегін аяған жоқ.

1985 жылдан бастап, зейнетке шығып, Ардагерлер кеңесінің төрағасы болып сайланды. Бос уақытында қазақ және орыс тілдеріндегі газет-журналдарды бас алмай оқитын. Өң де айтып, шахматты да жақсы ойнап, тіпті балалар арасында жарыс ұйымдастырған еді.

Ауылдың өміріне белсене араласқан әкемің беделі жоғары болды, кім болмасын әкемнің айтқан сөзін жерде қалдырмайтын, сыйлайтын. Ардагерлігіне бұлданбайтын, міндетсінбейтін адал жан еді. Әуелі Алла, сосын әкем де бар ардагерлердің көзсіз ерлігінің арқасында біз тыныш, жақсы заманда өмір сүріп жатырмыз.

Ардақ МҰҚАНОВА,
Ұлы Отан соғысы
ардагерінің қызы

Астана қаласының Сарыарқа ауданындағы «Есіл» пәтер иелері кооперативі жанындағы ардагерлер ұйымының басшысы, «Шебер қолдар» үйірмесінің жетекшісі, Қазақстан Республикалық Ардагерлер кеңесінің «Құрмет» төсбелгісінің иегері Сәкен Жусупова – жеті жасында ата-анасымен бірге «Барлығы майдан үшін» деп жұмыс істеген жандардың бірі.

ЕРТЕ ЕСЕЙГЕН ҰРПАҚ

Әкесі Дәулет Жусупов соғыс басталғанда қырық жаста болады. Армияға жарамсыз деп ауылда қалады. Ал оның туған үш інісі жиырмалардан жаңа асқан, отыздарға келіп қалған, үшеуі бірдей майданға аттанады. Төрт үйдің бар шаруасы Сәкен Жусупованың әкесінің мойнында болады. Бар ауыртпалықты бір өзі көтеріп, соғыс біткенше бауырларының бала-шағасына көмектеседі. Сәкен Жусупованың отбасы соғыс жылдары Қарағанды облысының «Жарық» стансында тұрған.

«Ауыл адамдары ол кезде өте ұйымшыл болатын. Майданға ғана емес, елде қалған ешкімдері жоқ қариларға да көмектесіп, бір отбасының жандарындай оларға қамқор болады. Ел басына күн туған ауыр күндері «жеңіс үшін» бел шешіп еңбек еткен біздің ата-анамыздың сол жылдардағы өмірі оңай болған жоқ. Ал олардың қасында кішкентай болсақ та біз бірге жүрдік» дейді Сәкен Жусупова.

Бүгінде ардақты ана, аяулы әже болып отырған Сәкен Дәулетқызы Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келген балалық шағын былайша есіне алады:

«Әкемнің бауырларының әйелдері, жеңгелерім соғыс жылдары мені де іс тігуге үйретті. Жеті жасымда бәрін үйреніп алдым. Сол бала кездегі үйренгенімді бүгінге дейін жалғастырып келемін. «Шебер қолдар» үйірмесі – соның жалғасы. Әжелерім мен жеңгелерім соғыстағы жауынгерлерге қойдың жүнінен қолғап, шұлық тоқып майданға жіберетін. Бізге үкімет пошта жөшіктерін тегін беретін. Қыс мезгілінде екі жәшіктің біріне бауырсақ, ет, құрт-маймызды, екіншісіне тоқыған киім-кешектерді салып, май-

дан шебіне жіберетінбіз. Сонымен қатар соғыс жылдары хат жаза алмайтын үлкендерге соғыстағы балаларына хат жазуға көмектесемін. Сонда ол кісілер қалай қуанушы еді?! Соңында батасын беріп, «сабағыңды беске оқы» дегенде төбем көкке жететін. Астық жинауға кемпір-шал, бала-шағаның бірі қалмай атсалыстық. Еңкейген қарттығына қарамай, жұмысқа шыққан ауылдағылар шаршадық деп бір айтпайтын. Көмек көрсетсек, біздің жауынгерлер жауды жеңіп, тезірек елге оралды деп ойлайтынбыз. Кезінде ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халқы болса, тылда еселі еңбек еткен адамдары болды. Ұлан-байтақ жеріміздің бір тұтам жерін де жауға бермейміз деп шайқасқан соғыс ардагерлерінің қатары сиреді. Сол жылдары майданға көмектескен елдегі, қаладағы тыл майдангерлерінің өзі бүгінде саусақпен санарлық. Сол өкінішті» дейді тыл ардагері Сәкен Жусупова.

Сәкен апамыздың сөзінің жаны бар. Ұлы Жеңістің 80 жылдығына газетке жазатын жауынгерлер қалмады, енді тыл майдангерлерін жазыңдар деп бізге Сарыарқа аудандық ардагерлер кеңесі тапсырма берді. Тыл ардагерлерінің өзі де аз қалған екен. Көбі науқас, біразы «есімізде ештеңе қалмапты, 90-нан астық қой» деп күмілжиді. Дегенмен қазіргі жастарымыз соғыстың не екенін сезініп, басымыздан өткен сол отты жылдардағы ұлтарақ жер үшін күрескен жауынгерлер мен елден майданға көмек берген тыл ардагерлерінің өткен өмірін білсе деген мақсатпен осы мақаланы жазуды ұйғардым.

Ғалия БАЛТАБАЙ,
ардагер-журналист

СОҒЫС ЗАРДАБЫН КӨРГЕНДЕР ҰМЫТЫЛМАСА...

Кеңестік империяның құрамында болған қазақ елі де соғыстың алапат зардаптарын шекті. Неміс фашистеріне қарсы сол 1418 күн мен түнге созылған шайқастарда қол жеткен Жеңіске де 80 жыл толғалы отыр.

Сексен жыл деп айтуға оңай болғанымен, оның қайғы-қасіреті өлшеусіз, жүректерге түсірген салмағы зіл батпан. Сұм соғыстың салдарынан баласынан айырылған ана, жарынан айырылған жесір зары, әкеден айырылған жетімдердің шерлі жүздері арада ғасыр өтсе де, ұмытылмайтыны ақиқат. Жеңіс үшін, майдан даласында жер жастанғандарды, мүгедек болып елге оралғандарды, бүгінде бәрі о дүниелік болған жерлестерімізді мәңгілік есте қалдыру – әр азаматтың, елді мекеннің парызы деп есептеймін. Көп елді мекендерді ескерткіш тақталар орнатылды, онда әр жауынгердің есімі көрсетілген. Мен ойлаймын, ол әлі де жеткіліксіз деп. Әлі есімде, бұдан он жыл бұрын Амангелді ауылында соғысқа қатысқан 104 жерлесімізді еске алған едік. Соғысқа қатысқандардың ұрпақтары қаржы жинап, үлкен митинг өткіздік, әрбір жауынгердің есімін атап, құран бағыштап, ас бердік. Кейбіреулері әкелеріне, аталарына ар-

нап, жеке стендтер іліп қойды.

Осындай іс-шаралар барлық елді мекенде өтіп жатыр ма деген заңды сұрақ туады. Өйткені кейбір жерлерде Кеңес Одағының батырлары өз дәрежесінде ұлықталмай жатқан сияқты.

Таяуда Астана қаласының 17-гимназиясында болдым. Бұл мектепке Кеңес Одағының батыры Ақан Құрмановтың есімі берілгелі он бес шақты жыл болды. Мектепке таяуда ғана жаңа басыы келіп, осы шаруаны қолға ала бастапты. Мектептің өмір сүріп жатқанына ширек ғасырға таяу, бұрынғы директор да осыншама жыл басқарды. Сонда батыр туралы мәнді еш шаруа істемеуіне не себеп деген ойға оралады. Жалпы қай істе болса да, басшының ниеті мен ұмтылысы болса, кез келген шаруаны жүзеге асыруға болады. Менің байқауымша, бұл мектептің бұрынғы басшысына осы жетіспеген сияқты.

Шамасы, бұдан біраз жыл бұрын Кеңес Одағының батыры Сағадат Нұрмағамбетовтың елі Еңбек ауылының мектебінде

осы кісіге арналған бір бұрыш қана болды. Онымен қоса, Бурабай тас жолымен өтіп жүргенде менің жанымдағы серіктесімнің көбі бұл ауыл батырдың ауылы екенін білмеді. Содан маған ой келді, жолдың бойына билборд орнату қажеттілігі. Осы ойымды ауданның сол кездегі әкімі Алпысбай Қайыржановқа жеткізіп едім, ол кісі қолдап, тас жолдың екі жағына билборд орнатылды. Енді осы істі жалғастырып, «Ердің атына елі сай болу керек» деген айдармен бағдарлама жасадық. Сол бағдарламаны орындау мақсатында іске кірісіп кеттік.

Атап айтқанда, мәдениет үйі мен мектеп ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу, автобанға билборд орнату, С.Нұрмағамбетовке арнап музей ашу, ауылдың орта мектебіне есімін беру, автобаннан елді мекенге дейінгі жолды жөндеу, орталықта батырдың бюсті орнату, орталық көшені жарықтандыру, ауылдың кіреберісіне «Еңбек ауылы» деген арқаны жаңарту, С.Нұрмағамбетов атындағы көшені



жөндеп, тақтайшалар ілу, «Азаматтарымен ажарлы Ақкөлім» атты кітапқа С.Нұрмағамбетов туралы әр кезінде жазған мақалаларын енгізу жұмыстары жоспарланып, жүзеге асырылды.

Ауылдың мәдениет үйі мен мектепті күрделі жөндеуден өткізу үшін Ақмола облысының бұрынғы әкімі Ермек Мыржықбаевқа С.Нұрмағамбетов атындағы қордың өкілі Қали екеуіміз барып, өтініш білдірдік. Әкім қолдап қаржы бөліп, жоспарымыз орындалды. Осындай

әдіспен бәрі орындалып жол, көше жарықтанып, көше асфальтталып, саябақ ашылып, мәдениет үйінде музей орналастырып, бюст қойылды т.б. істер атқарылып, бүгінде батырдың ауылын ұялмай келгендерге көрсетуге болады.

Тау алыстаған сайын жарқырай түседі демекші, Жеңіс жылы алыстаған сайын оның қазақ халқына тигізген қайғы-қасіреті, зардабы айшықтала түседі. Әр ел, елді мекен, қалған ұрпақтары өз қаһармандарының өмір дерегін білу

және оларды құрметтеу, келешек ұрпақтың жарқын болашағы үшін, Жеңісті жақындату жолында майданда соғысқан және тылда еңбек еткен ардагерлеріміздің ерліктерін ұмытпау – әрбіріміздің парызымыз. Оны ұмытпау үшін осы тақырыпқа жиі шаралар өткізу қажет. Ұрпақ жалғастығы болғаны жөн. Бүгінгі ұрпақ келесі ұрпаққа үлгі көрсету керек қой деп ойлаймын.

Еркін ДӘУЕШОВ,
Астана қаласы Ардагерлер кеңесі медиатобының мүшесі

ЖАЗУШЫ КЕЛЕ ЖАТЫР...

Телефоным шыр ете қалды. «Қайрат-директор» деген жазу жарқырап тұр.

– Әлі-аға, өткенде «Семсер жүзіндегі серт» трилогиясының авторы Әділбек Ыбырайымұлын бір көрсем» деп едіңіз. Тілегіңіз орындалды. Бір аптадан кейін қалаға оқырмандармен арнайы кездесейін деп, жазушы келе жатыр. Уақытыңыз болса, кездесуге келіп кетіңіз. Күнін, уақытын хабарлаймын, – деді Абай облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Қайрат Сабырбай. «О-о-й-й, бауырым, қалай бармаймын? Аяғыма тұсау, қолыма кісен салып қойса барамын ғой» дедім ішімнен.

«Жазушы келе жатыр» деген үш сөз бала күнімнен маған керемет әсер ететін. Тіпті, тула бойымды билеп алып, өзімнен-өзім толқып, тебіреніп жүретінмін. Менің балалық шағым сор топырағы бетіне шығып, жағалауында «Қызыл кітапқа» енген тораңғылар сап түзеіп өсіп тұрған, суы жып-жылы Сыр бойында өтті. Облыс орталығынан (Шымкент) 200 шақырым жерде. Онша алыс болмағанымен, келіп-кету – қиынның қияметі. Анда-санда ауылға ақын, жазушылар ат басын бұратын. Баламын ғой. Жазушы деген аспаннан түсетін періште, әулие сияқты болып тұратын. Жерде тырбындап жүрген біздерге ұқсамайтын, басқа әлемнің елшісі болатындай еді. Сол баласезім менің бойымда әлі бар. Қайрат бауырымның «Жазушы келе жатыр» деген үш ауыз сөзінің маған ерекше әсер етуінің сыры осында еді.

Кездесу болды. Көрдім. Жолықтым. Трилогия туралы талқылауға қатыстым. Иә, қателеспеппін. Жазушы бізге ұқсамайды. Түр-түсін айтпаймын. Ойлау жүйесі, сөз саптауы, ой қорытуы, адамға қарауы, сенің сөзіңе құлақ салуы, бәрі өзгеше, бәрі басқалай. Елітіп жібереді, ерітіп тастайды да ертіп кетеді. Сикыр ма? Сикыр.

«Семсер жүзіндегі серте» 10 жыл өмірін сарп етіпті. Отырмаған, Жатпаған. Ізденген. Шаршамаған. Талмаған. Мұрағаттарда еркін жүзген. Жүзіп жүріп, керегін сүзіп алған. Сансыз дерек тапқан. Олар өзінен-өзі кітапқа айналмайды ғой. Тарихи шындық бар. Көркем шындық бар. Осыларды «қиыннан қиыстыру» керек қой. Жазушы Әділбек Ыбырайымұлы тігісін білдірмей үйлестіріп, ғажап тарихи туындыға айналдырған.

Менің төменде айтпағымды жасы 60-70-тегілер жақсы түсінер. Біз мектепте Е.Пугачевті, С.Разинді, И.Болотниковты оқыдық. Оқытты. Институтқа



түстік (менің мамандығым тарих пәнінің мұғалімі). Сол үшеуі алдымнан тағы шықты. Тағы оқыдық. Кенесарыны оқытқан жоқ. Институтта Кенесарыны «анаған қарсы шықты, мынаны қолдамады» деп жеңіл-желпі, сырғытып өтетін. Ұлт-азаттық қозғалыс дегенді әзер-әзер айтатынбыз.

Мына қызықты қараңыз, мен оқыған мектеп Амангелді Иманов атында еді. Біз Амангелдінің өмірбаянын да, ол басқарған көтерілісті де шала-шарпы оқыдық. Сол олқылықтың барлығының «Семсер жүзіндегі серт» күлін көкке ұшырды. Мен контекст жазып отырып оқыдым. Әрине, осы қысқа ғана жазбада трилогияның барлық қырына тоқтауды мақсат еткен жоқпын. Ол мүмкін емес те. Жазушы Әділбек Ыбырайымұлының әдебиет майданындағы ерлігін айтпасақ болмас. Трилогия дер кезінде дүниеге келген. Заман болса мынау. Аумалы-төкпелі аласапыран. Үйде тыныш отырғанын, дүкенге аман-есен барып келгенің, той-томалақта көңіл көтергенің жақсы. Алайда қоғамдағы, мемлекеттегі, әлемдегі түрлі құбылыстарға олар өлшем бола алмайды. Трилогияның тақырыбы – ұлт-азаттық қозғалысы. Соның басты қаһарманы – Кенесарының тулғасы туралы. Кенесары хан – мемлекет құруға ұмтылған ірі қайраткер. Тәуелсіздік, егемендік алғанымыз – тарихи маңызды жетістіктер. Алайда қазақ мемлекетін құру процесі жалғасуда. Ол қашанғы жалғаса береді? Мемлекет құру – ұзақ процесс. Ол үшін күресу керек, күресу керек. Барлық тәсілді, амалды іске қосқанда ғана мақсатымызға

жетеміз. Демек, біздің сенеріміз де, қорғанымыз да – күрес.

Міне, трилогия осы туралы. Күрес дегеннен шығады. Осыдан бір апта бұрын қолыма жазушы Әділбек Ыбырайымұлының «Ақкекіл» атты кітабы түсті («Сөздік-Словарь» баспасы. Алматы. 2001 ж). Кітаптың бірінші бөлімі «Сырт айналған дүние» атты хикаятпен басталады. Хикаятта сөз болған оқиға өмірде орын алған, кейіпкерлерінің біразының көзі тірі. Бас кейіпкер, милиция қызметкері Тұрпан Жамкенов – (өмірдегі есімі басқа, былтыр ғана дүниеден өтті, жарықтық) әділдік үшін күрестің символы болған асыл азамат. Күрес болғанда да сынбай және тынбай күрескен азамат. Темір торда 8 жылдай жапа шегіп, босап шыққан соң, әділдік іздеп, талай жерге шағымданып, кінәсіз екенін заң жүзінде дәлелдеп шыққан. Қызмет орнына қайта оралып, зейнеткерлікке шыққанша жемісті еңбек етті. Мен ол ағамен жақсы таныспын. Таңқалатыным: бұрынғы лауазымы қалпына келіп, бөлім бастығы болып тағайындалғаннан соң, кезекті демалыстан шыққан адамдай, ешнәрсеге мән бермей, қызметін үлкен жауапкершілікпен жалғастырып кетті.

Екінші бір қайран қалғаным, бұл хикаят «Дәлелсіз шығарылған үкім» деген атпен әуелде құқықтық-сараптамалық мақала ретінде жазылып, жастар басылымы «Лениншіл жаста» 1991 жылғы 11 шілдедегі нөмірінде жарық көреді. Материал Қазақ КСР Жоғарғы сотының назарына ұсынылған. Онда Семей облыстық социалистік меншікті талан-таражға салушыларға

қарсы күрес бөлімі бастығы майор Т.Мәнкеновтің тағдырына араша түседі. Нәтижесінде сегіз жылға сотталып шыққан кейіпкерін ақтап қана қоймай, тәркіленген дүние-мүлкін қайтаруға, бұрынғы лауазымын қалпына келтіріп, шұғыл түрде шенін өсіруге, осы жылдардағы мәжбүрлікпен жұмысқа шықпай қалуы себебінен жалақысын өсімімен төлеуге соттың қаулысы қабылданады. Мұндай жағдайға Кеңестер одағы тарихында екі-ақ адамның қолы жеткен, соның бірі Т.Мәнкенов болатын. Ал осы құқықтық-сараптамалық мақаланың авторы 27 жастағы журналист Әділбек Ыбырайымұлы екенін білдік. Кейін оны хикаятқа айналдырған.

Осы хикаятқа қайта оралайыншы. Жазушы хикаяттың бас кейіпкерінің Абай әулетімен де байланысы барын ұтымды келтіре кеткен. «Бұл алдамшы қысқа дүниеде азық ала жүрген дұрыс. Негізінде азықтың жақсысы тақуалық» деп Абай сөзін шалақ қайырды дейді автор.

Тағы бір деталь. Жазушы Ә.Ыбырайымұлы көріпкел емес, алайда көреген-ау деп қалдым. Жоғарыда көрсетілгендей «Ақкекіл» 2001 жылы жарыққа шықты. 21-ғасырдың 20-жылдарында ата-баба дәстүріне түрлі шабуылдар жасалып, ұлттық құндылықтарға нұқсан келтіретін күштердің пайда болатынын болжай білген. Болжап қана қоймай, оның ең ұрымтал жерін де дөп басқан. Жау сырттан келмей іштен шығатынын да анық басқан. Хикаятта ата-енемелік арасындағы жарасымдық, жұбайлардың тонның ішкі бауындай сыйластығы ғажап суреттелген. Жауынан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кеткен жауыз, жарымес, долы етегі ұзындар есіріп, қазақтың қаймағы бұзылмай келе жатқан үлкенді сыйлау, келіннің инаттылығы және сәлем салу дәстүрлеріне күйе жағуға дейін барды емес пе? Әлі жалғасып келеді.

Театр режиссерларының жақсы көретін «конфликт» деген сөзі бар. Олар кез келген шығармадан конфликт іздеп әбігер болып жатады. Ал жазушы Әділбек Ыбырайымұлының туындыларында тұнып тұрған күрес. Адамгершілік үшін, жақсылық үшін, тәрбие үшін, адалдық үшін, әділдік үшін, құндылықтар үшін, қазақ үшін, мемлекет үшін күрес. Күрес-өмір. Күрес жоқ жерде өмір жоқ. Міне, жазушы Әділбек Ыбырайымұлының кредосы.

Әлихан ОМАРБЕКОВ, тарихшы, отставкадағы полковник, «ҚР Ішкі істер министрлігінің құрметті ардагері»



ТУРИЗМ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Елордадағы Maqsut Narikbayev University-де Астанада туризмді дамытуға бағытталған алғашқы туристік Ideaton өтті. Жаңа ойлар мен тың бастамаларға толы инновациялық идеялар марафонын Астана қаласының әкімдігі, «Astana Tourism» Туризмді дамыту орталығы» ЖШС және аталған оқу орны бірлесіп ұйымдастырған.

Ideaton түрлі сала мамандарын, яғни студенттерді, оқытушыларды, жас кәсіпкерлер мен туризм саласының сарапшыларын бір алаңға жинап, елорда туризмінің өзекті мәселелеріне жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік берді. Қатысушылар туризм, құқық, IT, дизайн, менеджмент, маркетинг, урбанистика, сәулет, экономика, логистика, PR, социология және бизнес-аналитика салаларындағы студенттер мен оқытушылардан құралған командаларға бірікті. Олар осындай пәнаралық жұмыс форматында туризмді дамытуға арналған креативті әрі іске асырылатын нақты ұсыныстар әзірлейді.

Ұйымдастырушылардың мәліметінше, марафонға 25-тен астам команда, яғни 70-ке жуық адам қатысуға өтінім берген. Ideaton жобасының негізгі тақырыптары – қала көрікті жерлерін біріктіретін туристік іс-шаралар концепцияларын әзірлеу, Астанада жаңа туристік нысандар мен тарту орталықтарын ұсыну, әуежай қызмет көрсету

сапасын арттырып, инфраструктуралық шешімдер арқылы жақсарту.

«Бастаманың мақсаты – туризмді, соның ішінде Астана туризмін дамыту жолында жастарды жаңа идеялар тудыруға, бастамалар көтеруге ынталандыру. Оларға бүгін үш бағытта тақырыптарды ұсындық. Екі күн ішінде қатысушылар білім беру сессияларын және сарапшылармен бірге жұмыс істейді. 10 шақты ментор оларға идеяларын қалай дұрыс әзірлеп, таныстыруды, қалай жеткізуді үйретеді, өз тәжірибесін бөліседі. Соңында әр команда жобаларын қазылар алқасының алдында таныстырады» дейді «Astana Tourism» Туризмді дамыту орталығы» ЖШС MICE департаментінің директоры Данияр Құрманбаев.

Жоба соңында жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталып, ең үздік идеялар қала туризмін дамыту бағдарламасы аясында жүзеге асырылмақ. Ал жұлде қоры – 1 000 000 теңге.



ХАБАРЛАМА

Астана қаласы әкімдігінің 26.03.2025 ж. № 501-804 «Астана қаласының коммуналдық меншігіне сыйға тарту шарты бойынша жылжымайтын мүлікті қабылдау туралы» қаулысы және «Астана шаруашылық басқармасы» ЖШС жалғыз қатысушысының 06.02.2025 ж. шешімі негізінде «Астана шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БСН 120340003574 жарғылық капитал мөлшерінің сомасына азайғаны туралы хабарлайды 594 413 593 (бес жүз тоқсан төрт миллион төрт жүз он үш мың бес жүз тоқсан үш) теңге.

БҮЛДІРШІНДЕР ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН ҮЙРЕНЕДІ

Астанада «Заң және тәртіп» нарративі аясында балабақшалар арасында жол жүру ережесі бойынша «Брейн-ринг» байқауы өтті. Байқауды Білім басқармасы, Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасының қолдауымен Әдістемелік орталық пен «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы ұйымдастырды.



«Бұл байқау жыл сайын өткізіледі. Байқаудың мақсаты – балалардың жол жүру ережелеріне қатысты білімін кеңейту, педагогтардың кәсіби шеберліктерін арттыру. Оған педагогтар мен тәрбиеленушілер қатысып жатыр» дейді №54 «Нұрай» балабақшасының әдіскері Әлия Талипова.

Әдіскердің айтуынша, бүгінгі байқау үш кезеңнен тұрады. Оның жеңімпаздарын Астана қаласы Білім басқармасы, Полиция департаменті және Әдістемелік орталық өкілдерінен құралған қазылар алқасы анықтайды.

«Мұнда командалардың жол ережесі, жолдағы

қауіпсіздік тақырыптары бойынша қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беруіне, көріністердің сюжеттік мағынасына, сапасына баса назар аударып отырымыз. Балалар жарысқа өте жақсы дайындықпен келген. Сондықтан оларды бағалау жағынан аздап қиналып отырымыз» дейді Астана қаласы Әдістемелік орталығының арнайы және инклюзивті білім беру бөлімінің әдіскері Айжан Каримова.

Жеңімпаз балабақшалар бас жұлде, I, II, III дәрежелі дипломдармен, тәрбиеленушілер грамоталармен, педагогтар сертификаттармен марапатталады.

«RUN FOR AUTISM»: ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҮШІН ЖҮГІРДІ



Оңалхан ӨНЕРХАН

Астанада үшінші рет жыл сайынғы «Run for autism» қайырымдылық жүгіру жарысы өтті. Биылғы жарыс жалпы менталдық денсаулыққа, яғни аутизм, депрессия, мазасыздық және басқа да ерекше менталдық күйдегі адамдарды қолдауға арналды. Жиналған 22 млн теңге сондай белгілері бар балаларға арналған инклюзияны қолдау кабинеттерін ашуға бағытталады. Іс-шараны «Болашақ» корпоративтік қоры Астана қаласы әкімдігінің және басқа да серіктестерінің қолдауымен ұйымдастырды.

Райхан
РАХМЕТОВА

Ж

үгіру 1, 2, 5, 10 шақырым қашықтықтар бойынша өтті. Жарысқа қатысу бағасы 6 990 теңгеден бастап 9 990 теңгеге дейін болды. Оған Астана, Алматы, Қарағанды, Қостанай, Петропавл, Павлодар және басқа қалалардан барлығы 3000-нан астам адам қатысты. Қатысушылар арасында кәсіби спортшылар, параспортшылар, сурдоспортшылар, ерекше балалармен жұмыс істейтін мамандар, дамуында ерекшеліктері бар 120-дан астам бала, ата-аналар және т.б. бар. Тіпті жарысқа Лондон, Мәскеу, Ыстамбұл, сондай-ақ Алматы, Қарағанды, Павлодар, Жаңа-

өзен, Жезқазған, Орал, Петропавл қалаларынан 28 адам онлайн қатысуға мүмкіндік алды. – Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай отырысында ерекше қажеттіліктері бар балаларды жан-жақты қолдауға арналған жаңа заң әзірлеуді тапсырды. Қазір осы бастама бойынша тиісті жұмыстар қолға алынды. Аталған заң шын мәнінде азаматтарға пайдалы болуы үшін сенаторлар қоғамдық ұйымдардың өкілдерімен және сарапшылармен бірге бұл бағытта қандай басымдықтарға назар аудару керектігін жан-жақты талқылап, белсенді жұмыс жүргізуде, – деді жарыстың ашылу салтанатында сөз сөйлеген Сенат төрағасы Маулен Әшімбаев.

Дәстүр бойынша өткен аутизм және дамуында басқа да ерекшеліктері бар балаларға

арналған «Көңілді старттар» спорттық-ойын эстафетасына аутизмді бар, психикалық және сөйлеу тілі дамуы тежелген, Даун синдромы және т.б. бар 5-14 жас аралығындағы 200-дей бала қатысты. Эстафетта аяқталған соң балаларға іс-шараның серіктестерінен сыйлықтар табысталды.

– «Run for autism» – бұл аутизм бойынша зерттеулерді қолдау үшін қаражат жинауға арналған халықаралық бастама. Ол әлемнің ең ірі қалалары – Нью-Йорк, Лондон, Берлин, Чикаго, Питсбург және т.б. өткізіледі. «Болашақ» қоры Қазақстанда «Run for Autism» іс-шарасын алғаш рет 2023 жылы өткізді. Бірінші жылы қатысқандар саны 1300 адам болса, бүгінде 3000-ға жетті және 300-дей адам іс-шараны ұйымдастыруға атсалысты.



Қатысушылар саны көбейіп жатқаны қуантады, өйткені бұл аутизм және жалпы менталдық бұзылыстар туралы білетін адамдар саны артып келе жатыр деген сөз. Өкінішке қарай, бұл жағдай кез келген адамның басына түсуі мүмкін, сондықтан мәселеге көз жұма қарамай, оны мойындап, дер кезінде кәсіби мамандар көмегіне жүгінген жөн, – деп атап өтті «Болашақ» қоры Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Динара Гаппан.

Мәреге жеткен барлық қатысушылар естелік медальдарға ие

болды, ал әр қашықтық бойынша жеңімпаздар дипломдар мен медальдармен марапатталды. Әрбір жүгірушіге шоппер, футболка, жүгіріске арналған нөмір, ұтыс ойыны үшін нөмірі, тамаққа талон, бағдарлама, спорттық батончиктен және пайдалы «чабатта» нанынан тұратын жинақ табысталды. Ниет білдіргендер жүгіруден басқа жарыстың брендтік таңбалары бар өнімдер және серіктестерден сертификаттар салынған арнайы боксты сатып алып, іс-шараны қолдады. Жүгіруге халықаралық компаниялар-

дың, шетел елшіліктері, оның ішінде Жапония, Ұлыбритания, Испания, Түркия, Үндістан, Чех Республикасы, Польша, Беларусь Республикасы елшіліктері қатысты.

Қатысушылар арасында Дубайға екі кісіге жолдама, «World Class» фитнес-орталығынан жылдық абонементтер, «Hilton Astana» қонақ үйінде тұруға, «M Clinic» клиникасында тексеруден өтуге сертификат, GALAXY S24 смартфон, «Орлов моншаларына» сертификаттар және тағы басқа бағалы жүлделер ұтысы өткізілді.

БИШІ АТА-ӘЖЕЛЕР

Дүниежүзілік би күніне орай тұңғыш рет Астана қаласында зейнеткерлер арасында «Көктем тамшылары» атты би конкурсы өтті. Өнер байқауына 61-75 жас аралығындағы әуесқой биші ата-әжелер қатысты.

Би конкурсының мақсаты – егде жастағы адамдар арасында би өнерін насихаттау, дене және рухани мәдениеттің үйлесімін көрсету, ұлттық би мәдениетін дәріптеу және би арқылы зейнеткерлердің өз өнерлерін көрсетуге мүмкіндік беру.

Байқаудың талабы бойынша өнерпаздар ұлттық би, классикалық би, заманауи би, бал биі, вальс пен танго және т.б. жанрдағы биден сынға түсті. Өнер ұжымдарынан би түріне сәйкес арнайы костюмдер талап етілді.

Аталған өнер додасына Алматы, Байқоңыр, Сарыарқа, Нұра, Есіл аудандарынан келген 10-ға жуық би ұжымдары қатысты.

Атап айтқанда, «Қыздар-ай», «Аэ-

лита», «Әдемі дәуір», «Магия вальса», «Салтанат», «Әдемі-ау», «Жаңа толқын», «Жасмин» және «Элегант дэнс», «Инжу-Дэнс» би топтары әртүрлі жанрдағы би қойылымдарын көрсетті.

Зейнеткерлер «Әсемдік», «Шудың бойында», «Кең далалар» билерін, «Бачата», шығыс биі мен вальс, танго билерін көрермен назарына ұсынды.

Сайысқа қатысқан би ұжымдарының арасында әртүрлі республикалық, халықаралық байқаулардың жеңімпаздары да бар. Мәселен, Нұра ауданынан келген «Қыздар-ай» хореографиялық ансамблі Қырғызстанда өткен «Таланти SUMMER FEST KYRGYZSTAN» атты халықаралық байқауда жүлделі орындарға ие болды. Ал Сарыарқа



ауданының «Әдемі дәуір» би тобы жақында өткен «ASTANA-KOKTEM-FEST» шығармашылық байқауының жеңімпазы атанды.

Би сайысының қорытындысы бойынша байқаудың бас жүлдесі Нұра ауданының «Қыздар-ай» би тобына бұйырса, 1-орынды Сарыарқа ауданы-

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300 Тапсырыс № 49 Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-й «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ